

Облыстық мәслихаттың 2005 жылғы 30 қарашасындағы N 263-III "Жер үсті көздерінен су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлем ставкаларының мөлшерлерін бекіту туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Атырау облыстық мәслихатының 2006 жылғы 12 шілдедегі N 318-III шешімі Атырау облысы Әділет департаментінде 2006 жылғы 27 шілдеде N 2470 тіркелді. Күші жойылды - Атырау облыстық мәслихатының 2010 жылғы 31 наурыздағы N 317-IV шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Атырау облыстық мәслихатының 2010.03.31 N 317-IV шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 9 шілдедегі N 481 Су кодексінің 38 бабының 5 тармағына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы N 148-II "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңына сәйкес және облыс әкімиятының 2005 жылғы 10 қарашадағы N 312 "Жер үсті көздерінен су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлем ставкаларының мөлшерлерін бекіту туралы" қаулысын қарап, III сайланған облыстық мәслихат **XXI сессиясында ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Облыстық мәслихаттың 2005 жылғы 30 қарашасындағы N 263-III "Жер үсті көздерінен су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлем ставкаларының мөлшерлерін бекіту туралы" (2005 жылғы 28 желтоқсанда Атырау облысының Әділет Департаментінде N 2454 санымен тіркелген, 2006 жылғы 2 ақпанда "Атырау" газетінің N 14 санында жарияланды) шешіміне мынадай өзгеріс енгізілсін:

қ о с ы м ш а д а :

кестенің 5-тармағындағы "тиын/текше метр" деген сөздер "теңге/тонна" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау облыстық мәслихаттың бюджет, қаржы, экономика, кәсіпкерлікті дамыту, аграрлық мәселелер және экология жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін (М. Шырдабаев).

Облыстық мәслихат XXI сессиясының төрағасы

Облыстық мәслихаттың хатшысы